КСЕРОКӨШІРМЕ
КСЕРОКОПИЯ

"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ӘЛ-ФАРАБИ АУДАНДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ"
2016 ж. 04. - мамыр жарғыға
(1999 ж. 04. - ақпан
БСН 990240005557
№ 413-1958-21-МК (куәлік)
енгізілген өзгертулер мен толықтырулар тіркелді

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті Төрағасының
міндетін атқарушының
2016 жылғы «____» _________ №_____
бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысына озгерістер мен толықтырулар**

1. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2012 жылғы 3 тамыздағы № 730 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғысының (бұдан әрі – Жарғы) 2-бөлімі 10-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.».

2. Жарғының 3-бөлімінің 12-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Кәсіпорын қызметінің мәні техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру, ғылыми зерттеулер саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады.».

3. Жарғының 4-бөлімінде:

20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Кәсіпорынның органдары ректор мен байқау кеңесі болып табылады.

21. Ректорды тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.»;

мынадай мазмұндағы 26-1- тармақпен толықтырылсын:

«26-1. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша